

"Арнайы экономикалық аймақ құру мақсаттарына сәйкес келетін арнайы экономикалық аймақ бөлінісінде қызметтің басым түрлерінің тізбесін, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақ құру мақсаттарына сәйкес келетін арнайы экономикалық аймақ бөлінісінде қызметтің басым түрлерінің тізбесіне қызметтің басым түрлерін енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 142 бұйрығына өзгеріс және толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 204 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 16 сәуірде № 20410 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылым министрінің 2024 жылғы 22 ақпандағы № 72 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Өнеркәсіп және құрылым министрінің 22.02.2024 № 72 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Арнайы экономикалық аймақ құру мақсаттарына сәйкес келетін арнайы экономикалық аймақ бөлінісінде қызметтің басым түрлерінің тізбесін, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақ құру мақсаттарына сәйкес келетін арнайы экономикалық аймақ бөлінісінде қызметтің басым түрлерінің тізбесіне қызметтің басым түрлерін енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 142 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16588 болып тіркелген, 2018 жылғы 18 сәуірде Қазақстан Республикасы эталондық бақылау банкінде жарияланды) бұйрығына мынадай өзгеріс және толықтырулар енгізілсін :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген арнайы экономикалық аймағын құру мақсаттарына сәйкес келетін арнайы экономикалық аймақтар бөлінісінде қызметтің басым түрлерінің тізбесіне:

4-тармақ мынадай мазмұндағы 14), 15), 16) тармақшалармен толықтырылсын:

"14) Жүктөрді қоймаға қою және сақтау;

15) Жүктөрді көліктік өндіреу;

16) Өзге де көліктік қосалқы қызмет.".

11-тармақта:

9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) әуежайлар қызметі;".

11-тармақ мынадай мазмұндағы 10), 11), 12), 13) тармақшалармен толықтырылсын:

"10) Тұрғын және тұрғын емес ғимараттар құрылышы;

11) Қонақ үйлердің және тұруға арналған ұқсас орындардың қызмет көрсетуі;

12) Жеке меншік немесе жалданатын жылжымайтын мүлікті жалдау және басқару;

13) Демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыру бойынша қызмет".

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустріялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау, жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрі*

Б. Атамкулов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі